

Карантинді тоқтату және Железин ауданы Ақтау ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 22 қыркүйектегі "Железин ауданы Ақтау ауылдық округі Ақтау ауылының аумағында карантин белгілеу туралы" № 7 шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Павлодар облысы Железин ауданы Ақтау ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 6 қаңтардағы № 1 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 8 қаңтарда № 7165 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1-бабы 8) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 46-бабы 2-тармағы 4) тармақшасына сәйкес, Железин ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2020 жылғы 26 қазандағы № 1-13/350 ұсынысы негізінде, Ақтау ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Железин ауданы Ақтау ауылдық округінің Ақтау ауылының аумағында жоғары патогенді құс тұмауын жою бойынша кешенді ветеринариялық-санитариялық іс-шаралардың жүргізілуіне байланысты, белгіленген карантин тоқтатылсын.

2. Железин ауданы Ақтау ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 22 қыркүйектегі " Железин ауданы Ақтау ауылдық округі Ақтау ауылының аумағында карантин белгілеу туралы" № 7 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6955 болып тіркелген, 2020 жылғы 23 қыркүйекте Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрде эталондық бақылау банкінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ақтау ауылдық округінің әкімі

Ж. Орынтаева